

"Балқаш жібек жолы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау операцияларды жүзеге асыру үшін жер учаскеге жария сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 58/04 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер Кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, "Балқаш жібек жолы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры М.И.Тусупбековтың өтінішін қарастырып, 2021 жылғы 14 шілдедегі пайдалы қазбаларды барлау №1366 - ЕЛ лицензия негізінде, Балқаш қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Балқаш жібек жолы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау операцияларды жүзеге асыру үшін, Балқаш қаласы, қаланың солтүстік-шығысында орналасқан, ауданы 235,4170 га жер учаскесіне жер пайдаланушылардан жер учаскелерді алып қоймай 2027 жылдың 14 шілдесіне дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "Балқаш жібек жолы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеу, шығындардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау (келісім бойынша)

3. "Балқаш қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Балқаш қаласы әкімінің міндетін атқарушы

Р.Сыздықов